



Ақмешіт

Аялаймын сені, Қызылорда!

6 желтоқсан
сейсенбі

№97 (1901)

2022 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

САПАР

Өткен аптада ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Нұрбек Саясат Сыр өңірінің халқымен кездесті.



ҒЫЛЫМ ЖОЛЫНДАҒЫ ЖАСТАРҒА ҚОЛДАУ КӨП

Басқосуда өңірлік жоғары оқу орындарын жаңғыртуға және ондағы білім беру әлеуетін арттырудағы негізгі басымдықтар айтылды. Сондай-ақ нарыққа қажетті мамандарды даярлауда тиімді бағдарламалар әзірленіп, жас ғалымдарды қолдауға бағытталған бастамалар жүзеге асатынын хабарлады.

Мәселен, бүгінде техникалық мамандықтар бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын 70 пайызға дейін квоталау қарастырылуда. Бұл еліміздегі кадр тапшылығын азайтуға септігін тигізбек.

Сонымен қатар министр еліміздегі демографиялық өсудің қарқыны жоғарылағанын, бұл өз кезегінде оқу орындарының жетіспеушілігіне әкелетінін айтып өтті. Тиісінше, елімізде оқу орындарының санын көбейтумен қатар білім сапасын жоғарылату басты міндет екенін жеткізді.

Кездесу соңында облыс тұрғындары өзекті сауалдарын қойып, өз мәселелерін ортаға салды.

Министрдің Сыр еліне жұмыс сапары Қорқыт ата университетінің 85 жылдық мерейтойына қатысумен жалғасты.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев пен еліміздің Ғылым және жоғары білім министрі Нұрбек Саясат университеттің №5 оқу ғимаратында оқытушы-ғалым, профессорлармен кездесіп, оқу орнының ғылыми-инновациялық жетістіктерімен танысты.

2 БЕТТЕ

БҮЛ ЖОЛДАУДА АЙТЫЛҒАН

«ЖАЙЛЫ МЕКТЕП» ЖОБАСЫНАН ҮМІТ КӨП

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауда әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынғанын айтты.

«Орта білімнің сапасы – табысты ұлт болудың тағы бір маңызды шарты. Әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуға тиіс. Сол үшін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынды. Біз 2025 жылға дейін 800 мың баланың заманауи мектепте оқуына жағдай жасаймыз. Осылайша, апатты жағдайдағы және үш ауысыммен оқитын мектеп мәселесін толық шешеміз. Бұл ауыл және қала мектептерінің айырмашылығын едәуір азайтады. Жалпы мектеп салу Үкімет және әкімдіктер үшін басты міндеттің бірі болуы керек», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жолдауда айтылған мәселелер жүзеге асуы үшін тиісті жұмыс жасалуға тиіс. Осыған орай жақында Үкімет «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын мақұлдады. Бұл жобаның аясында 2025 жылға дейін жаңа құрылыс стандарты бойынша 840 мың орынға шақталған мектеп салу көзделген. Осы жұмыстар нәтижелі іске асса, мұғалім тапшылығы мен апатты жағдайдағы және үш ауысымдағы мектептер мәселесі шешіледі деп күтілуде.

Республика Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асыру мен көші-қон саясатын жүргізу мәселелері қаралды.

2 БЕТТЕ



МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ

ҮЙЛІ БОЛҒАҢДАР КӨБЕЙЕДІ



Жыл аяғында баспаналы болатындар қатары артады. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің мәліметінше, жыл аяғында 7 мыңнан астам азамат сатып алу құқығынсыз жалға берілетін баспанаға қол жеткізеді. Бір баспанам болса екен деп армандаған жандар үшін мұндай жағымды жаңалықты Парламент Сенатында өткен үкімет сағатында индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі Еркебұлан Дауылбаев айтып, елдегі тұрғын үй құрылысын дамыту бойынша атқарылып жатқан жұмыс барысын баяндады.

4 БЕТТЕ

ҚОРҚЫТ АТА УНИВЕРСИТЕТІНЕ 85 ЖЫЛ

Еліміздің ертеңі мен бүгінгі жастардың қолында деген қағиданы бәріміз білеміз. Ал жоғарғы оқу орны – еліміздің дамуының кепілі мен көрсеткіші. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 85 жылдығына орай «Ұлттық руханияттың ұлы ордасы» атты салтанатты жиын өтті. Салтанатты шараға Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов, ЖОО-ның басшылары, қоғам қайраткерлері мен зиялы қауым өкілдері қатысты.

БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМНЫҢ ОРДАСЫ



Мерекелік жиында Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті 85 жылдығымен құттықтады.

– Оқу орны білім, ғылым ордасы ғана емес, Сыр өңіріндегі рухани-мәдени орталыққа айналды, мамандар даярлауда өзіндік қолтаңбасы айқындала түсті. Бұл, әрине, оның нығаюына және одан әрі дамуына ықпал етті. Бүгінде университетте 9 мыңдай білім алушы, мынанан астам қызметкер, оның ішінде 500-ге жуық профессор-оқытушы бар. Биыл 769 ЖОО кірген «QS Asia University Rankings – 2023» рейтингісінің нәтижесі бойынша Азияның ТОП 551-600 ЖОО-ның қатарына университеттің енуі үлкен жетістік деп санаймыз. Сеул ұлттық ғылым және технологиялар университетінің IT саласындағы жоғары мектебі құрылғалы отыр. Бұл жоба еліміздің экономикалық және цифрлық дамуына үлкен септігін тигізбек. Сонымен қатар университет академиялық артықшылықтар орталықтары ашылатын 20 өңірлік ЖОО қатарына кірді, – деді министр Саясат Нұрбек.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің басқарма төрағасы – ректоры Бейбіткүл Кәрімова бірегей білім ордасы осы кезге дейін мыңдаған шәкірттің жарқын болашағына жолдама бергенін атап өтті.

– Бүгінде университетіміз ғылыми зерттеулермен белсенді айналысатын, алдыңғы қатарлы білім беру технологияларын меңгеретін, жаңа идеяларды қалыптастыратын бастамашыл, креативті азаматтар үшін тартымды жұмыс орнына айналуға мүмкіндік береді. Профессор-оқытушылар құрамында 20 халықаралық «Болашақ» бағдарламасының түлегі бар. Ел Президентінің «Болашақ» бағдарламасы бойынша 7 ғалыммыз АҚШ, Германия, РФ, Белорусь елдерінің жетекші ғылыми орталықтарында 12 айға дейінгі тағылымдамадан өтуде. Кадрларды даярлау 5 институт базасында 115 білім беру бағдарламасы (66 бакалавриат, 36 магистратура, 13 докторантура) бойынша жүзеге асырылады. Білім алушылар контингентін қалыптастыру бойынша жүйелі жұмыс нәтижесінде: жалпы контингент 9014 адамға жетті. Әрбір жоғары оқу орны қызметінің басты көрсеткіші – даярлаған кадрлары десек, құрылғалы бері қоғам мүддесі үшін 80 мыңға жуық кәсіби маман даярланыпты. Өңір экономикасы салаларындағы мамандардың 80 пайызға жуығы университетіміздің түлектері. Олар кай жұмыста болсын өз ісінің шебері атанып, өз университетінің дәрежесін көтеріп жүр, – деді Бейбіткүл Сәрсемханқызы.

3 БЕТТЕ

«САМҒАУ» СЫЙЛЫҒЫ КІМДЕРГЕ БҰЙЫРДЫ?

Қала әкімі Асылбек Шәменов «Qosyl premiya» қала жастарының қорытынды кешіне қатысып, «Самғау» жастар сыйлығының негерлерін марапаттады.

4 БЕТТЕ



ӨЗІМІЗДІҢ ӨНІМ

ҚАРЛЫҒАШТЫҢ СӨМКЕСІ

Қызылордалық қолөнерші Қарлығаш Лиясова таза былғарыдан қол сөмкелер тигізуі қолға алды. Ұлттық өнерді дәріптеуші қолөнершінің бұл – жаңа жобасы.



4 БЕТТЕ

Баспасөз-2023

АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА»
ЖАЗЫЛДЫҒЫЗ БА?

Баспасөзге 2023 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу жүрде.

Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңіз тәуірде тұрсын!

Жекелер үшін 6 айға – 2500 теңге, мекемелер үшін – 3500 теңге.

Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар: 40-05-81, 70-14-08.

«ЖАЙЛЫ МЕКТЕП» ЖОБАСЫНАН ҮМІТ КӨП

Онда Премьер-Министр 2023-2025 жылдары елімізде 401 жайлы мектеп салу жоспарланғанын айтты. Сонымен қатар оқу-ағарту министрлігіне мүдделі мемлекеттік органдармен және әкімдіктермен бірлесіп, жобадағы іс-шаралардың уақытылы орындалуын қамтамасыз етуді тапсырды.

Біздің басты міндетіміз – балабақшадан бастап, білім берудің барлық деңгейінде халықтың сапалы білімге қол жеткізуін қамтамасыз ету. Бұл бағытта ауқымды жұмыстар жүргізілуде. 2021 жылдан бері 674 балабақша ашылды. 326 жаңа мектеп пайдалануға берілді. Сондай-ақ 1436 мектеп жаңғыртылды. Жетекші шетелдік жоғары оқу орындарының 4 филиалы ашылды. Инновациялық бағыттар бойынша шетелдерден 400 оқытушы тартылды. Жалпы білім

жөкелеген блоктарында оқиды. Сәйкесінше олардың өз оқу кабинеттері, әжетханасы, спорт залы болады. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жағдай жасалады. Бейнебақылау, дыбыстық дабыл секілді қауіпсіздікті қарастырдық, – деді Оқу-ағарту министрі.

Қазіргі таңда өңір әкімдіктерімен бірлесіп, білім беру сапасын арттыру бойынша жүйелі шаралар жүзеге асырылып келеді.

Мәселен, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Үкімет басшысының тапсырмасын орындау бойынша арнайы жиын өткізді. Онда сала басшыларына жобада көзделген мектептердің сапалы әрі ыңғайлы болуына баса назар аудару қажет екенін айтып өтті.

Айта кетейік, бұл жоба аясында Қызылорда өңірінде 15100 орынға арналған жаңа 21 мектеп салынады.



беру сапасын жақсарту бойынша жүйелі шаралар іске асырылып келеді, – деді Әлихан Смайылов.

Үкімет басшысының сөзін сүйенсек, жастарды кәсіптік-техникалық біліммен қамту үшін бюджеттен мемлекеттік тапсырыс бойынша қосымша 45 мың орын бөлінген. Еңбек нарығының сұранысына сай кадр даярлау үшін 500-ге жуық кәсіпорын колледждерді қамқорлыққа алған.

Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов Ұлттық жоба мектеп инфрақұрылымын жаңғырту үшін әзірленгенін айтты. Оның аясында 842 мың оқушыға арналған жаңа форматтағы оқу орындарының ауқымды құрылысы көзделген.

Атап айтқанда, ауқымды бағдарлама үш ауысымды және апатты мектептер мәселесін толық шешуі тиіс. Осы мақсатта 2025 жылға дейін 400-ден аса мектеп салынады. Ол үшін бюджеттен 2 триллион 600 миллиард теңге қарастырылмақ. Әрі құрылысқа жемқорлардан өндірілген ақша да жұмсалмақ. Министрдің айтуынша, соңғы 10 жылда оқушы саны 1 миллионға артып, 3,5 млн-ға жеткен. Бүгінде 800 мыңнан аса оқушы үшін орын тапшы. Ал мәселені шешу үшін салынатын жайлы мектептердің қазіргі білім ордаларынан айырмашылығы көп.

Қазір салынатын мектептер ауылда да, қалада да бірыңғай стандартпен салынатын болады. Бастауыш және жоғары сынып оқушылары мектеп ғимаратын

Басы 1-бетте

Үздік ұстаздарға 3 миллион теңге берілді

Байқау шарты бойынша әр өңірден барған ұстаздар елорда мектептерінің бірінде ашық сабақ өткізіп, әдісімен бөлісті. «Үздік педагог-2022» байқауында үздіктер қатарынан көрінген ұстаздың бірі – Айгүл Қиясова. Ол – 30 жылға жуық білім саласында тәжірибесі бар ұстаз. Қаламыздағы №23 мектеп-лицейінің биология пәнінің мұғалімі. Ол бұған дейін Польшаның Варшава қаласында өткен Еуропа елдері арасындағы III олимпиаданың жеңімпазы атанып, аймаққа олжалы оралған болатын. Одан бөлек «Үздік авторлық бағдарлама» республикалық конкурсының II дәрежелі жеңімпазы. Сондай-ақ «Қызылорда облысының білім беру саласын дамытудағы еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталған.



«Үздік педагог» байқауының тағы бір жеңімпазы ауыл мектебінің мұғалімі – Салтанат Қосжанова. Ол – Жалағаш

ауданындағы №123 мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Педагогикадағы үздік тәжірибесі ескеріліп, «Қызылорда облысының білім беру саласын дамытудағы еңбегі үшін» төсбелгісін алған. «Педагогикалық идеялар фестивалі» республикалық конкурсының III дәрежелі жеңімпазы атанған.

№9 дарынды балаларға арналған облыстық «Білім-инновация» лицей-интернатының география пәнінің мұғалімі Ләззат Құлымбетова да «Үздік педагог-2022» байқауында жеңімпазы атанды. Ол білім саласында 20 жылдан бері шәкірт тәрбиелеуде. Ұлағатты ұстаздың шәкірті Ерасыл Сапарбеков Ыстанбұл қаласында өткен 17 халықаралық олимпиаданың III орын

иеленген және халықаралық зияткерлік олимпиадада жеңімпазы атанғаны үшін Қазақстан Республикасы Президентінің марапатын иеленген.

Сонымен қатар Мәншүк Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің педагогика пәнінің оқытушысы Ұлжан Есмаханова да «Үздік ұстаз» атанды. Оның педагогикалық тәжірибесі республикалық деңгейде бірнеше мәрте таратылған. «Worldskills Kyzylorda – 2020» облыстық чемпионатының жүлдегерлерін дайындаған. «2021 жылдың қорытындысы бойынша «Жыл үздігі» номинациясына ие болған.

Аймақ абыройын асқартып, білім нәрімен оқушыларды сусындатып жүрген ұстаздарды жетістіктерімен құттықтаймыз.

ҰСТАЗ БОЛУ – АРМАНЫМ БАЛА КҮНГІ

Білім керуені көшіп бастаған ұлы ұстаздарға қандай құрмет көрсетсек те, қалай мақтасак та жарасады. Біз «Үздік педагог-2022» республикалық байқауының жеңімпазы Айгүл Қиясова туралы жазғанды жөн көрдік.

Ұстаз – деген ұлы есімді естігенде көз алдымызға жарқын мінезді, жүрегі мейірімге толы, жылы жүзді адам елестейтін сөзсіз. Ұстаз бейнесі – шәкірт үшін адамгершіліктің ең жоғарғы үлгісі болып қала беретіні анық.

Бала тәрбиелеуде сарқылмай қызмет етіп келе жатқан Айгүл Райымбекқызы қаламыздағы №23 мектеп-лицейінің биология пәнінің мұғалімі. Өз ісіне берілген, шәкіртінің жанына нұр құя білген Айгүл ұстаздың көзқарасынан-ақ баланы оқытуды жек көрмегені байқалып тұр. Мұны өзінің сөздері де дәлелдеді.

«Ұстаз» деген ұлы атқа ие болу – зор мақтаныш еді. Бала күнінде мен үшін мұғалімнен биік тұлға болмайтын. Өйткені мұғалімдер отбасында дүниеге келдім. Сол кездегі ұстаздарыма деген құрметімнен болар, әлде қызығушылығымнан болар, мұғалімдік мамандықтың қыр-сырына ынтан арта бастады. Бала киял сол мақсатты орындауға жетеледі. Арманым алдамапты. 1988 жылы Қызылорда қаласындағы іргелі жоғары оқу орындарының бірі Н.В.Гоголь атындағы педагогикалық институттың химия-биология факультетіне оқуға түстім. Мұнда да тәжірибелі, өз ісінің майталман

шеберлері мені мамандыққа қызықтыра түсті. Биология ғылымының таусылмас қызықтарымен тереңірек таныстым. Соның нәтижесінде «Биология пәнінің мұғалімі» деген мамандық мені болашаққа қанат қақтырды. Институттан алған теориялық білімді практикамен ұштастыру мақсатында 1994 жылы №23 мектеп-лицейіне жұмысқа орналастым. Осы уақытқа дейін ізгі жолды жалғап келемін, – дейді ол.

Әрбір ұстазынан үлгі-өнеге алған Айгүл Қиясова сол ұлағатты жандардың ізімен жүріп келді. Талай шәкірті білім қайнарымен сусындатып, қанатын қалтайттып, мектеп қабырғасынан ұшырды. Бойына өмірден біліп-түйген тәжірибесін сіңірді.

Ізденіспен, терең оймен еңбек еткеннің нәтижесінде ұлағатты ұстаз көптеген жетістікке қол жеткізді. Оның бәрін тізбектеп шығу мүмкін емес. Дегенмен жыл сайын қалалық, облыстық пәндік олимпиада жүлдегерлерін дайындағаны үшін мақтау қағаздары, «Алғыс» хаттармен марапатталған. Сонымен қатар «Әл-Фараби – Әлемдік тұлға» 2020 атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысып, кәсіби шеберлік көрсеткені үшін марапатқа ие болған. Ал 2021 жылы «Педагогикалық идеялар фестивалі» республикалық байқауының облыстық кезеңінде «Әртүрлі сабақтар, бірақ әрқайсында шебердің қолы» ғылыми-жаратылыстану бағытындағы пәндер бойынша III орын иеленген. «Үздік



авторлық бағдарлама-2021» байқауында биология пәні бойынша I орын алған. Биыл «Үздік авторлық бағдарлама» республикалық конкурсының II дәрежелі жүлдегері. Сондай-ақ 2021 жылы «Құрмет» Грамотасымен марапатталды.

Айгүл Райымбекқызы өрендерді нағыз адам болуға лайықтап тәрбиелеуде. Расында, төгілген тер, адал еңбек міндетті түрде жемісін береді. Оған дәлел, оның шәкірттері үздік жетістіктерге қол жеткізген.

«Адамның бір қызығы – бала деген, баланы оқытуды жек көрмедім» деп хәкім Абай айтқандай, мұғалімдіктің де өз қызығы бар. Бірақ қиындығы да аз емес, соны жеңе білген жан ғана шәкірт жүрегіне жол табады. Мен үшін оқушының сапалы білім, тәлімді

тәрбие алуы маңызды. Шәкірт жетістігі – ұстаздың ерен еңбегінің нәтижесі, мұғалім мерейі. Бастысы – өз пәнің деген білім шырағын жаға білу керек, – дейді ол.

Жақсы мұғалім – бұл қай кезде де ең алдымен кәсіби деңгейі жоғары, интеллектуалдық, шығармашылық әлеуеті мол тұлға. Ол оқытуды жаңа технологиялармен өмірге ендіруге дайын, оқу-тәрбие ісіне жанашырлық танытатын қоғамның ең озық тұлғасының бірі болып есептеледі. Бүгінгі біз сөз еткен ұстаздың да негізгі мақсаты осындай.

Білім берудің мақсатын айқындау үшін ұлт зиялысы Жүсіпбек Аймауытовтың мына сөздерін еске алған жөн: «Мектеп бітіріп шыққан соң бала бүкіл әлемге, өзгенің және өзінің өміріне білім жүзімен ашылған саналы ақыл көзімен қарай білсе, міне, білімдендірудің түпкі мақсаты – осы. Мектеп осы бағытта баланың жетілуіне мақсаты негіз салуы керек». Менің ұстаз ретіндегі басты міндетім де осы, – дейді Айгүл Қиясова.

Иә, шәкірт жүрегіне жол тауып, ұлағатты ұстаз атанып жүргендер баршылық. Дегенмен, республика бойынша еңбегі бағаланып, көптің ішінен шыққан дара ұстаздың еңбегі өлшеусіз екені анық.

Ұстазы мықтылығы бар. Бірақ қиындығы да аз емес, соны жеңе білген жан ғана шәкірт жүрегіне жол табады. Мен үшін оқушының сапалы білім, тәлімді

ҒЫЛЫМ ЖОЛЫНДАҒЫ ЖАСТАРҒА ҚОЛДАУ КӨП

Онда аймақ басшысы 85 жылдық тарихы бар университеттің кәсіби маман даярлаудағы әлеуеті зор екенін айтып өтті.

Бүгінгі күні өңіріміздің маңдайалды университеті еліміз үшін сұранысқа сай мамандардың мыңдаған легін даярлап, ұлттық кадрлар қалыптастыруда. Білім ордасының түлектері егемен еліміздің түкпір-түкпірінде сан-салалы қызметте абыройлы еңбек етуде. Олардың арасында мемлекет және қоғам қайраткерлері, ҚР Парламентінің депутаттары, Қазақстанның Еңбек Ері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаттары, ғалымдар, өнер және мәдениет майталмандары, ғылым мен спорт сандақтары, ірі бизнес өкілдері бар. Жас ғалымдардың ғылыми әлеуетін арттыру мақсатында археологиялық және аграрлық сала жобалары қолдау тауып келеді. Келешекте бюджет есебінен қаржыландырылатын

Басы 1-бетте



экономика салалары бойынша мамандық санын көбейтуді жоспарлап отырмыз. Аграрлық аймақтан өндірісті өңірге айналған Сыр елінің игі мақсаттарды жүзеге асырып, осу жолында университет инновациялық дамудың драйверіне айналуы қажет, – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Соңғы 3 жылда аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын, өңірге қажетті мамандықтар бойынша халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан студенттерге 360 облыс әкімінің гранты тағайындалған. Бөлінген гранттардың 216-сы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетіне берілген.

Кездесуде ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек жоғары оқу орындарында маман даярлау ерекшеліктерімен бөлісіп, келешекте өңірлік университеттерді қолдау аясы кеңейіп, ғылыми мүмкіндіктерді дамыту мәселелерін айтты.

САН ТҮЛЕКТІ САМҒАТҚАН АЛТЫН ҰЯ

№112 орта мектептің 70 жылдық мерейтойына орай «Сан түлекті самғатқан алтын ұя» тақырыбында рухани – танымдық кеш өтті. Онда әр жылдарда мектепке еңбегі сіңген ардагер-ұстаздарға құрмет көрсетілді.



Аймақ тарихымен сабақтас шежірелі білім шынарағы – №112 орта мектебінің алғашқы іргетасының қаланы ертеректен бастау алған. 1950 жылы оқу бөлімінің қаулысына сәйкес Ташкент теміржол мектебі Қызылорда қаласындағы білім ошағы ретінде пайдалануға ұсынылады. Екі жыл уақытты артқа қалдырып 1952 жылдың 2 желтоқсанында 520 оқушы қабылданып, оларға 24 мұғалім білім берген. Осы кезден білім ордасының жандануына қызмет еткен Нағима Абдулқызы өмір жолының 26 жылында мектепке басшылық етті. Бүгінде 70 жылда қаншама табыс пен жетістікке қол жеткізген.

Іс-шараны білім қызметкерлерінің қалалық кәсіподақ ұйымының төрайымы Орынша Әлімбетова ашып, мектеп ұжымына арнайы құттықтау хат табыстады. Мерекелік бағдарламада алтын ұя мектебіне арнаған әсерлі шәкірттер арнауы, мектеп тарихынан сыр шертетін бейнеролик көрсетіліп, әндер шырқалды.

Мерекелік шара бағдарламасы үш блокты қамтыды.

«Жылдармен жаңаланған мектеп» шарасында мектептің тарихына, жетістіктеріне арналған фотоальманах, танымдық көрме ұйымдастырылған. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Білімнің бәрі кітапта» атты оқырмандар сағаты; «Дебат клубы» жобасы бойынша ашық лауаз: «Мектеп мектептің болғаны дұрыс па?»; «Мектеп театры» жобасы негізінде оқушылар театры қойылымы; «Ертегілер еліне саяхат»; «Мектеп парламентарий» жобасы аясындағы «Aqyl-battle» мектеп тарихына негізделген интеллектуалдық сайыс жүргізілді.

Арнайы шақырылған мектептің ардагер ұстаздары, қонақтар, әр жылдағы мектеп түлектерінің құттықтауы мен естеліктері мерекеге ерекше сипат берді. Бірқатар ұстаздар марапатқа ие болды.



Бетті дайындаған Айтолқын АЙТЖАНОВА

■ АҚМЕШІТ ҚЫЗЫЛОРДА БОЛҒАНДА

Алаш – жан-жақты түгел қамтитын, кешегі мен бүгінді байланыстыратын, тіпті жақсы мен жаманды айыруға сеп болатын үлкен тақырып. Алаш – бұл кешегі ұлт қамын жеген, ел егемендігін көксеген Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мағжан Жұмабай, Жүсіпбек Аймауытұлы, Мұхтар Омарханұлы, Қошқе Кеменгерұлы, Сұлтанбек Қожанұлы, Смағұл Сәдуақасұлы сынды қазақ оқығандарын біріктірген рух күші. Алаш – қазақтың жаны, ортақ мүддеге жұмылдыратын, ұйыстыратын ұраны.

Біз «Алаш» ұранын негіз етіп, қазақ баласының жарқын болашағы үшін еңбек еткен, сол жолда құрбан болған қайраткерлердің Қызылордамен байланысы жайлы сөз қозғағанды жөн көрдік. Нақтырақ айтқанда, Сырдың бас қаласы астана болған уақыттағы, яғни 1925-1929 жылдардағы Ақмешітте сайрап жатқан Алаш арыстарының ізі жайлы жазбақып. Бірден Алаш арыстарын толық қамту мүмкін емес. Сол себепті де Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов, Мағжан Жұмабаев, Сұлтанбек Қожанов, Смағұл Сәдуақасов, Мұхамеджан Тынышбаев, Қошқе Кеменгерұлы сынды қайраткерлерді алып, олардың Қызылордамен байланысын мақалаларымызға арқау етеміз. Бұл бағыттағы жұмысты Әлихан Бөкейхановтан бастағанды жөн санадық.

сайды», – дейді. Бөкейхановтың тағы бір маңызды мақсаты – Қазақстанның жер нормасын Ресейден орыстың жерсіз келімсек, қарашекпен шаруаларын жолатпайтындей деңгейде бекіту, қазақтың келімсектерге беретін «артық» жері жоқ ету болды. Міне сол норманы жасату үшін Әлихан өзінің ұзақ жылғы досы, үндітанушы ғалым, патшалық Ресей мен Кеңестік Ғылым академиясының ғылыми хатшысы академик Сергей Ольденбург арқылы 1926 жылы КСРО Ғылым академиясының экспедициясын ұйымдастырды. Экспедицияны ол мақсатты түрде Қазақстанның сол кездегі Адай оязына, анығырақ айтқанда қазіргі Манғыстау, Атырау, Ақтөбе, Батыс Қазақстан облыстарына бағыттады. Оның бірнеше себебі бар еді. Біріншіден, Адай оязы казактары әлі де толығымен көшпелі болатын. Екіншіден, отырықшы шаруашылыққа қарағанда

көшпелі мал шаруашылығына әлдеқайда көп жер берілетін. Мұндай норма тіпті патша заманында қарастырылған екен. Әлекеңнің КСРО Ғылым академиясының экспедициясын Адай оязына бағыттауының басты сыры осында жатты және Қазақстанның кеңестік жер нормасын Адай оязындағы жерді көп талап ететін көшпелі мал шаруашылығы негізінде жасатын, бекітпек болды. Сонымен 1926 жылдың жазы мен күзінде КСРО Ғылым академиясының одақтас және аутономиялық республикаларын зерттеу жөніндегі ерекше комитетінің антропологиялық экспедициясының экономикалық зерттеулер партиясын бастаған Әлихан Бөкейхан болашақ академик, ол кезде Ленинградтағы мемлекеттік университеттің студенті Әлкей Марғұланды жанына алып, Адай оязында зерттеу жүргізеді. Сұлтан Хан Аққұлы айтқан бұл деректер Ақселеу

экспедициясын емін-еркін ұйымдастырып, өзі ешкімнен рұқсат сұрамай-ақ Қазақстанға жүріп кеткен екен. 15 тәуліктен кейін И.Сталинді әлі де «Коба» деп атайтын Василий Шелгунов деген бір карт бөлшек түрменен босатып алған. Алайда бұл Қызылордаға сапары Әлиханның туған даласына ең соңғы аяқ басуы болды. Ол аздай 1927 жылдың қазан айында Әлихан Бөкейханов Мәскеудегі Орталық күншығыс баспасындағы Қазақ бөлімінің редактор қызметінен «штат қысқарту» деген желеумен босатылып, мезгілінен бұрын зейнетақысыз зейнетке жіберіледі. Нәтижесінде көрнекті Алаш қайраткері Қошқе Кеменгерұлы 1924 жылғы «Қазақ тарихынан» атты еңбегінде жазғанындай, қазіргі қазақ ұлты мен ұлттық мемлекетінің атасы, ұлт көшбасшысы Әлихан Бөкейхан – 1927 жылдан 1937 жылдың шілдесіне дейін Мәскеудегі 2



Бөкейханов та Ақмешіттегі съезге қатысқан

оралып, Қызылордада жер бойынша халық комиссариатына қызметке орналасуға көп күш салады. Оның Қызылордаға оралуына Нығмет Нұрмақұлы бастаған Қазақстан Халық комиссарлар кеңесі де (КазСНК), Қазақстанның Жалау Мынбайұлы бастаған Жоғарғы атқарушы комитеті де (КазЦИК – кейін Қазақстанның Жоғарғы Кеңесі) аса мүдделі болды. Алаш қайраткерлерін жаппай қудалауға алған НКВД құжаттарында Жоғарғы атқарушы комитет төрағасы Жалау Мынбайұлы мен бір халық комиссарының егер үкімет басына Әлихан Бөкейхан отырса, Қазақстан бүкіл Орта Азия Республикаларына жетекшілік етер еді деген әңгімесі келтіріледі. Алайда Алты Алаш көсемінің Ұлы дала еліне қайта оралуына Кремльдің қожайыны И.Сталин мен Қазақстанға партия көсемі болып келген Ф.Голощекин үзілді-кесілді қарсы шығады. Өйткені Әлихан Бөкейханов көш бастаса бар қазақтың атқа қонысы анық еді.

Алаштанушы ғалым Сұлтан Хан Аққұлы: «Әлиханның 1925 жылы Қызылордаға келуіне 2 маңызды себеп болды. Бірі – Қазақ елінде казак халқының жер пайдалану нормасын анықтап, оны Ресей Федерациясы үкіметінің жанындағы жер комиссиясында бекітіп алу, екіншісі – Смағұл Сәдуақасұлы мен Сұлтанбек Қожанұлын өзара татуластыру болғанға ұқ-



бөлмелі коммуналды пәтерінде НКВД-ның қатан бақылауында жүруге мәжбүр болды.

Иә, Бөкейхановтың Сыр еліне сапары туған жеріне, атамекеніне, қасиетті Қазақстанына ең соңғы сапары болды. Түрлі құйрқы еректерге барған большевиктер оны Қазақстанға жолатпады. Онда он жыл ұй қамауында отырған Әлихан 1937 жылдың тамызында қайта тұтқынға, бір айдан кейін жалған жаламен 71 жасында Мәскеуде ату жазасына кесілді. Осылайша қазақтың өз алдына ел болғанын көруді армандап кеткен Әлихан алаш азаматының өмірі күреспен өтеді. 1989 жылғы 14 мамырда КСРО Жоғарғы сотының қаулысы бойынша еркіндігіне қайтарылып, қырымсыз қарама-қарсы Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов ақталды.

Большевиктер Әлиханға өлтіргеннен оны жеңе алмады. Қандай қиындық көрсе де жігері жасымалды. Қарі тарих тарихшылар арқылы ақиқатты айтып, жалған жалаң құрбаны болған Әлиханға тұлғалар ақталды. Олардың арманы қазақпен бірге өмір сүрді. Уақыт өткен сайын алаш баласының егемендікке, елдікке деген ұмтылысы арта түсті. Ақыры, 1991 жылдың 16 желтоқсанында Қазақ Елі төрткүл дүниеге тәуелсіздігін жариялады. Бұл алаштықтардың да мақсат-мұраты еді.

Бөкейхановтың қанатты сөздері

Бірліктен айырылған ел қаңғып қалады.

Түзу қалам – қисайған, өткір қалам – мүсірген заман.

Кейінгіге гирбат аларлық үлгі тастап кетіп, алғыс алармыз ба? Жоқ, одалаға лағып, жөнсіз кетіп, қарғыс лағнет аламыз ба? Кеудесінде көзі бар адамға көп ойланарлық жұмыс.

Бұл тірілік үлкен талас, бір бөйге: жүйрік алады, шабан қалады. Жүйріктік ақыл, ұсталық жәһтшілікте. Еріншек езе жоқ бөйге, сыбаға, мүше жоқ.

Жұрт пайдасына таза жолмен тура бастайтын ер табылса, қазақ халқы оның соңынан ерер еді.

Ұлтың жоғын ұйықтап жүріп емес, ояу жүріп іздеу керек.

Өз тізгініңді өзін алып жүре алмай, шапшаң-аудан шықпайтын бір ескі ауруың бар-ау, қазағым! Қылығыңды көріп ішім күйеді.

Ұлтына, жұртына қызмет ету – білімнен емес мінзеден.

Біздің кемшілігіміз – әркім тарих арқалаптан жүкті белгілі жерге апармай, соңындағыларға тастап кететініміз.

Тірі болсам, хан баласында қазақтың хақысы бар еді, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын.

Бізде бірлік болып, іс қыла білетін шебер табылса, Алаштың баласы бақыт-махаббат жолына түсеті!

Нағыз түрік затты халық тілі – біздің қазақта.

Ғұмыр бөйгесінде біздің қазақ тілі өз бөйгесін алар!

Елдің тұрмысын, тілін, мінезін білмеген кісі қол басын да алып жүре алмайды.

Қазақтың оқыған азаматтары, қазаққа осынбайда қызмет етпегенде қашан қызмет етіп, пайдамызды тиізіміз?!

Сейдімбек айтқан әңгімені тірілтіп отыр. Әлихан Бөкейханов 1925 жылдың сәуір айында Қызылордаға барғанын, съезге қатысқанын және ұлт атауына қатысты шешімді құжатпен бекіту жайлы кеңес бергенін жанына ерткен Әлкей Марғұланда айтуы әбден мүмкін ғой.

Тарихи деректерге сүйенсек, экспедиция жұмысын мезгілінен бұрын аяқтаған Әлихан Нұрмұхамедұлы 1926 жылдың ерте күзінде Ақтөбеден Қызылордаға екінші рет ат басын бұрады. Сұлтан Хан Аққұлы келтірген деректерге қарағанда Бөкейхановты теміржол бекетінде Қазақстанның Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы бүгінгі тілмен айтқанда премьер-министр қызметін атқарған Нығмет Нұрмақұлының өзі қарсы алған. Қызылордада ол ең жақын үзегілері Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мұхамеджан Тынышбайұлымен сырласып, үкімет мүшелерімен кеңеседі. Бірақ өзін тосып отырған экспедиция мүшелеріне қосылып, Мәскеуге қайту үшін Қызылордадан Ақтөбеге жеткен сәтінде тұтқындалып, тағы да қолына кісен салынып, күзетпен Мәскеуге жеткізіліп, еш айып-қылмысыз Бутырка түрмесіне жабылады.

Оның ең басты «қылмысы» – Халықаралық Қызыл крест ұйымының Мәскеудегі өкілдігінің төрайымы, жазушы Максим Горькийдің жұбайы Екатерина Пешковаға 1933 жылы жазған хатында Әлиханның өз атап көрсеткендей, НКВД өзінің сыртқанын 1925 жылдан бұры қатан бақылау орнатқан екен. Алаш көсемі НКВД-ның ол бақылаудың елемей, КСРО ғылым академиясының

«Тірі болсам, хан баласында қазақтың хақысы бар еді, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» деген Әлиханға тау тұлғаның өнегеге толы ғұмыр жолы кешегің білай қойғанда, бүгінгі тұрмақ ертеңгі қазаққа да үлгі болып қалары сөзсіз. Саналы ғұмырын Алаш мұрасына арнап келе жатқан ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ғылым академиясының академигі, бүгінде «Егемен Қазақстан» республикалық газеті» ЖИС бас директоры, менің ұстазым Дихан Қамзабекұлы өзінің «Алаш арқауы» деп аталатын кітабында Әлихан Бөкейхановтың өмірі мен шығармашылығына кеңінен тоқталды. Бұл еңбекте ғалым: «Бүгінгі саналы ұрпақ Әлихан Бөкейхан десе, ойлап-нәзім тебіреніп қалады. Өйткені қазір бізде билігін жаңауы шығарылған билікпен зиялылық болса, соның негізін Әлихан мен Ахметтер қалағанын іштей сезінді. Сондықтан да шығар Алаштың аты естілсе, сергек қазаққа бағзы замандағы ұран емес, Әлиханның аты мен заты естілгендей болады», – дейді. Шынында да, Алаш десе Әлихан Бөкейхановтың есімі естілгендей болады. Мұны мен орда бұзар отыздың орта тұсынан асып, қырыққа қарай қалам басып бара жатқан буының өкілі ретінде де айта аламын. Тіпті қазақтың маңдайына біткен зиялы қауым өкілдерін санамалап атайтын болсақ, олардың арасында міндетті түрде Әлихан алып тұрады.

Әзіз ЖҰМАДІЛДӘУЛЫ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМНЫҢ ОРДАСЫ

«Қасиет құндақтаған қара шаңырақ» атты білім ордасының 85 жылдық тарихын баяндайтын бейнероликтен басталған салтанатты жиын «Таным тұмары» атты хореографиялық театрландырылған қойылымға ұласты. Сондай-ақ шарда ұлағатты ұстаздар мен ғалымдарға құрмет көрсетіліп, оқу орнының тәуелсіздік жылдарындағы жетістігі баяндалды.



Бірқатар профессор-оқытушылар Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің «Құрмет Грамотасы» және Алғыс хаттарымен, Қызылорда облысы әкімінің Құрмет грамотасымен, ҚР ЖОО қауымдастығының «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы орденімен», Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының «Білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген айрықша еңбегі үшін белгісі», «Құрмет грамотасымен» марапатталды.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, саяси ғылымдар докторы, профессор Мұрат Бактиярұлына, екі мәрте Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Ерекше айта кету керек, білім ордасының мерейтойы аясында осы кезге дейін І Түлектер форумы, «Ардагерлерді ардақтайық», «Мамандық – болашағым» атты І облыстық форумдар, «Қазіргі заманғы математика: проблемалары және қолданыстары» атты ІІІ халықаралық «Тайманов оқулары» өтті.

ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері, профессор, педагогика ғылымдарының кандидаты Құлбарам Сәдуақасқызы атындағы химиялық білім беру ғылыми-әдістемелік орталығы, екі мәрте мемлекеттік сыйлықтың иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, биология ғылымдарының докторы, профессор Аманкелді Саданов атындағы микробиологиялық ғылыми зерттеу орталығы ашылды.

Аталған мерейтойға орай «Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті: дамудың жаңа кезеңінде» және «Қалдырған ізін мәңгілік...» кітаптары жарық көрді.

Сонғы жылдары Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетін таңдайтындар қатары жыл сайын артып келеді. Мәселен, 2019-2020 оқу жылымен салыстырғанда биыл білім алушылар саны 70 пайызға

артып, 9014 адамды құрады. Бүгінде университет аukumды 4 бағытта жұмыс істейді. Олар – білім беру, ғылым және инновацияны нығайту, әлеуметтік-мәдени бағытты дамыту, халықаралық ынтымақтастықты кеңейту.

Қазіргі кезде жоғарғы оқу орны еңбек нарығына қажетті мамандықтар бойынша білім беруді басты назарда ұстайды. Айта кету керек, университетте 115 білім беру бағдарламасы бар. Оның ішінде – бакалавриат бойынша 66, магистратура бойынша 36, докторантура бойынша 13 бағдарлама арқылы мамандар даярланады. Сондай-ақ 5 жаңа білім беру бағдарламасы әзірленді. «QS Asia University Rankings – 2023» рейтингінің нәтижесі бойынша Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті Азияның үздік жоғары оқу орындарының қатарына енді.

Бір сөзбен айтқанда, егемендік алған жылдар ішінде университет білікті маман даярлап, еліміздің әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан дамуына үлкен үлес қосып келеді.



Ақмарал ҚАДЫРХАНҚЫЗЫ

